

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№6 хаттамасы**

**Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы**

**23.06.2025 жыл
сағат 10:00**

Шақырылғандар: Аудан әкімінің орынбасары – Ж.Бакаев (*іс-сапарда*), Қордай ауданының білім бөлімінің басшысы – С.Аширбеков (*Тараз қаласында іс-сапарда*) орнына бас маман А.Қалдарбеков қатысты, Қордай ауданының білім бөліміне қарасты «Балауса» балаларды сауықтыру лагерінің директоры – Р.Ағыбаева, Жамбыл филиалы РМК «Қазсушар» өндірістік бөлім бастығы – М.Ершибулов, Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы – Е.Мендекеев, БАҚ өкілдері.

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 7 адам.

Қатыспағандар: - 4 адам себепті (Ж.Орақбай – оқуда, М.Байгелов, Е.Ағыбаев – денсаулығына байланысты, Қ.Батыров – туысының қаза болуына байланысты).

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков

Хатшы: - Р.Имашева

Күн тәртібі:

1. Аудандағы су ресурстарының тиімді пайдалануы бойынша ауыл шаруашылық ұйымдарының сумен қамтамасыз ету жұмыстарын есебі;
2. Балалардың жазғы демалысын зерделеу;
3. Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің 2025 жылғы және 2024 жылдың өтпелі құрылыстарының жүргізіліп жатқан жұмыстары мен сапасына және көрсетілген мемлекеттік қызметкердің мерзімдерін қарау, арыз – шағымдарына туралы;
4. Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың II жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын бекіту;
5. Әртүрлі мәселелер.

Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша – Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Абилдаев Еркін Абилдаұлы баяндайды.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері мен Қоғамдық кеңес төрағасы Молдабеков Н.С. Біздер Қоғамдық кеңестің аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшелері К.Ағыбаева (комиссия төрайымы), мүшелері Е.Абилдаев, Е.Ағыбаев 17-18 маусым 2025 жылы РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөліміне зерделеу жұмыстарын жүргізу мақсатында аталған мекеменің берген мәліметтерін 2025 жылғы мерзімге атқарған шаруашылық – өндірістік жұмыстары бойынша және өткен 2024 жылғы зерделеудегі көрсетілген шешімдердің орындауына талдау жасап, анықтама даярладық,- деді.

РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімшесі ауданымыздың суару жүйесін пайдалануды және шаруа қожалығына тиімді су жеткізу жұмыстарымен қамту болып табылады.

РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімшесінде теңгерімде «Қарақоңыз», «Қақпатас», екі су Қоймасы бар, жалпы 88 гидротехникалық құрылымы бар, ұзындығы 480 шақырым, олның ішінде жер арық 308 шақырым, бетон 172 шақырым.

Ең негізгі Шу өзенінен алынатын су мәселесі Қырғыз Республикасынан алынады, қазіргі уақытта трансшекара аралық су кестесіне келісім-шарт бойынша жоспарланған су көлемі бойынша 121,928 млн.м³ суармалы жер 18365 га есептелсе, Қазақстан – Қырғызстан Республикалары арасында 180,15 млн.м³ келісім-шартқа қол жеткізілген.

Қырғызстан Республикасынан сұранысымыз бекітілген кесте бойынша су көлемі ГМК 13,0 м³/сек. Берілуде. Демек сұраныс – қажеттілік толық атқарылуда, су тапшылығы әзірге сезілмейді.

«Қолос» каналы трансшекара аралық Қырғыз Республикасынан болғандықтан, белгіленген график су көлемі 16,05 млн.м³, жер көлемі – 776 га. Осы каналдан су алатын – 30 келісім-шарт жасалынған.

«Қарақоңыз» су қоймасының көлемі- 8,418 млн.м³, толық жиналған 50 су пайдаланушылармен келісім-шарт жасалынған. Суармалы жер ауданы – 1734га мәліметте Қаракемер, Масаншы ауыл округтарының суға деген сұраныстары толығымен қамтамасыз етеді делінген. Ауыл округтарымен келісім-шарт жоқ. Ауыл тұрғындарының суға деген сұраныстарына келісім-шарт стандарты, қандай мазмұнда жасалынуы керектігін анықтау тек Қаракемер, Масаншы ауыл округтары ғана емес аудандағы ауылшаруашылық су тұтынатын әкімшіліктердің бәрімен келісім-шарт жасалынып, суға ақы алынуы керек қой. Осы мәселе ескерусіз назардан тыс қалған. Қаражат тұрғындардан су пайдаланып жеке жер телімдерін суғарғаны үшін төленсе де көмескіде қалғандай. Қаракемер ауыл округі бойынша бірнеше жыл бойына ЖФ «Қордай» екі-ақ келісім – шарт жасалынған, жеке тұлғалар С.Ақымбаев, Қ.Ақшабаев, ал енді суармалы жер телімдері бар 72 шаруа қожалығы су пайдаланады, субсидия алатындары да бар. Дәл осындай жағдайлар өзге де ауыл округтерінде бар еместігіне кепіл бар ма?

Оған негіз мынау: Қақпатас су қоймасының көлемі – 10,500млн.м³ – 9 шаруа қожалықтарымен келісім – шарт жасалынған, жер ауданы – 683га, 2024ж 11 шаруа қожалығы - 432га келісім – шарт жасалған. Вегетациялық кезеңде жиналған су көлемі – 8,468 млн.м³. Қайсы ауыл округтерінің шаруа қожалықтары, қанша жер ауданы суарылуы керектігі анықтауды қажет етеді.

«Қордай» өндірістік бөлімшесі бойынша 2025 жыл сәуір, мамыр айларына – 26,053 млн.м³ су беріліп отыр делінеді. Түсініктеме алсақ: қайсы тармақтардан қанша су алынды, қайда, қалай жұмсалынды?

«Тамшылатып суару» жүйесінде каналдан насоспен су алу фактысы бар. Заңды әрекет делінеді, дегенмен ЖФ «Қордай»-мен келісім – шарт жасалынған ба деген сұраққа жоқ деген жауап алынды. Сонда тамшылатып суғаруға су берілуі керек, бірақ төлемі, келісім – шарты болуы керек қой, ертен олар субсидия талап етеді, егер суға шығыны (төлемі) болмаса қалай болмақ?

Сұрақтар көп, жауап әзірге жоқ. «Қарқоңыз» бойынша өткен 2024ж анықтамасынан алынған мәлімет: екі ауыл округі бойынша бар болғаны 55 шаруа қожалығымен ғана – 1544га келісім – шарт жасалынған. Сонда 8,5млн.м³ суға – 1544га қанша жолы суғаруға болады?

Сортөбе, Ауқатты, Қарасу ауылдық округтеріндегі суармалы жерлердің, тұрғындарының жеке жер телімдерін қалай суғарып жатқандықтары туралы мәлімет ешбір жылда көрсетілмеген.

Осы мәліметтерді талдау керек болсақ зерделеуге кешенді түрде (комплексно) Қордай ауданы ауыл шаруашылығы бөлімі, қажет болса статистика басқармасында қатыстыра отырып 2025 ауыл шаруашылық жылында суармалы егістіктің мол түсімі үшін суды тиімді

пайдалану максатында келісім – шарт талаптарын катаң сактау үшін ауыл округтерінің әкімдіктерін де жұмылдыру, сөйтіп суды шартқа отырғандар да отырмағандар да тең пайдаланбай ішкі қаражат резервін пайдалана білуіміз керек.

Мәліметте Шөміш су торабынан алынатын «Он» тармақ каналының ұзындығы 40,5 км, «Он» тармақ каналдың су өткізу қабілеті орташа болып тұр. Оның үстіне канал жер арық, ауыл ортасынан өтетін болғандықтан каналдың су ысырабы көп. П.Ә.К (пайдалы әсер коэффициенті) – 0,50%, сол тармақ каналының ұзындығы 66,0км ПӘК – 0,60% делінсе, осы ПӘК көтеру максатында қандай ішкі резервтерді пайдалану керектігі туралы зерттелген, жоспарланған іс- әрекеттер бар? Каналдарды тазалау жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау, оны қаржыландыру үшін қандай ойластырылған іс – шаралар бар ма? Жауапкершілік ЖФ «Қордай» жүктелуі керек емес пе? Басшысынан талап етуіміз керек-ақ.

ЖФ «Қордай» өндіріс бөлімшесінің перспективалық даму жоспары туралы да жетекшілерінің пікірін білсек. Өйткені жетекшісі М.Ершибуловтан мардымды жауаптар жоқ,-деп сөзін аяқтады.

Н.Молдабеков: Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға сұрақтарыңыз бар ма?- деді. Жоқ. Олай болса, сөз РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімше бастығы Ершибулов М.К. беріледі деді.

Ол өз сөзінде: РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімшесінің ауданымыздың суару жүйесін пайдалануды және шаруа қожалықтарына тиімді су жеткізу жұмыстарымен қамту болып табылады. РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік учаскесінің теңгерімінде ҚАРАҚОҢЫЗ, ҚАҚПАТАС екі су қоймасы бар, жалпы 88 гидротехникалық құрылымы бар, ұзындығы 480 шақырымды құрайтын су жеткізу каналдары жұмыс істейді. Оның ішінде жер арық 308 шақырым, 172 бетон каналдар.

Қарақоңыз су қоймасының көлемі-8,4 млн.текше метр, бүгінгі күнге қалған судың көлемі -3,9 млн.текше метр.Қапатас су қоймасының көлемі- 10,5 млн.текше метр, 2025 жылдың суару кезеңіне 8,3 млн текше метр, бүгінгі күнге қалған су көлемі 5,3 млн текше метр. Су нысандарының жағдайы бір қалыпты және пайдалау ережелеріне сәйкес жұмыс жасалуда. Бақылау күніне 3 уақытта жүргізіледі.

Бүгінгі күнге 515 шаруа қожалықтарымен келісім шарт жасалып, 18,4 мың га өндірістік бөлім бойынша жер анықталды.

Ең негізгі Шу өзенінен алынатын су көлемінің мәселесі көршілес Қырғызстан Республикасынан алынады. Сәуір айынан бастап бүгінге дейін трансшекааралық су кестесіне жоспарланған су көлемі келіп тұр.

Шөміш су торабынан алынатын Георгиевский магистралды каналының ұзындығы 106 шақырым. Оның үстіне каналдар жер арық, сондықтан су ысырабы көп. ПӘК (пайдалы әсерлі коэффициенті)-0,50%.

Қарақоңыз су жүйесі бойынша бүгінгі күнге 50 келісім шарт жасалынды: Масаншы ауыл округінде -48, Қаракөмер ауыл округінде- 2 келісім шарт жасалынды. Олардан басқа үй іргесіндегі жер телімдеріне су жеткізілуде.

Өндіріс технологиясын жетілдіру негізінде тамшылатып суару жүйесіне шаруа қожалықтары іс жүргізуде.

2023 жылы «Ырғайты» (30,0 млн.куб.м) және «Қалғұты» (14,6 млн.куб.м) су қоймасының құрылысын жүргізу үшін 2 ЖСҚ әзірлеуге 50 млн.тенге қаражат өлініп, мердігері «Қазгидро» ЖШС болып анықталды. Іздестіру жұмыстары 2023 жылдың қараша айында басталды. ЖСҚ-ны аяқтау мерзімі -2024 жылдың желтоқсан айы.

Қарақоңыз су қоймасының көлемін ұлғайтуға ЖСҚ әзірлеу бойынша: Жобаның максаты – су қоймасының көлемін 8,5 млн.куб.м-ден 16,9 млн.куб.м-ге дейін ұлғайту. ЖСҚ әзірлеу құны -42,5 млн.тенгені құрайды.

2023 жылы ЖСҚ әзірлеуге 15 млн.тенге бөлініп, мердігері «Биосфера» ЖШС болып анықталды. Бүгінгі таңда іздестіру жұмыстары аяқталып, жобалау жұмыстары басталды. Қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін алдын ала есептеулер бойынша су қоймасының көлемін ұлғайту тек 16,9 млн.куб.м дейін мүмкін.

ЕҚКБ бағдарламасы бойынша 63,9 шақырым механикалық тазарту жасалынды, «Колос» каналы 3,2 шақырымы жоба бойынша аяқталды.

ИДЖК-2 бағдарламасы бойынша 44,2 шақырым бетон канал қалпына келтірілді.

Осы арада РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімшесінің басшысына қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан Е.Әбілдаев, Б.Жаманкозев, Т. Апаевалар сұрақтар қойды. Т.Апаеваның қойылған сұрағы бойынша Сортөбе ауылдық округ бойынша ысырап болып жатқан суға жауапты емес екенін айта отырып, ол округте жауапты ЖК Колпаков жауапты екенін айтты.

Сұрақтарға жауап бере отырып, ол өз сөзінде атқарылып жатқан жұмыстарын әрі қарай жалғастырды, яғни 2025жылғы «Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін суармалы сумен РМК «Қазсушар» ЖФ «Қордай» өндірістік бөлімше тарапынан қамтамасыз ету бойынша «Қазсушар РМК» филиалының «Қордай» өндірістік бөлімшесі суару жүйесін пайдалануды және шаруа қожалықтарына тиімді су жеткізу жұмыстарымен қамту міндетіміз болып табылады және де өзіміздің тараптан аудан мәслихатына сәуір айында хат жолданып, депутаттар тарапынан қолдау табылып, жоғары тұрған мекемелерге хаттар жіберілді, - деді.

Биылғы 2025жылы су тапшылығының болуы мүмкін екендігін, қыс –көктем айларында ауыл әкімдеріне ескерту жұмыстарын жүргізгенбіз. Судың тапшылығынан шығудың жолы ретінде әр шаруақожалықтарын келісім шартқа көрсетілген дәнді дақылдарды орналастыруына байланысты, онкүндік жоспарына сәйкес қажетті су лимитін бөліп беретін график құрылды.Тәулік бойы кезекшілік кестесімен әр ауыл округ гидротехниктері жұмыстарын жүргізуде ,суды үнемдеу, әрі тиімді пайдалану жолдарын (су айналымы,тұн мезгілінде суару, суды аса қатты қажет етпейтін дақылдарды суғару кейінге қалдыру,каналдардың су қиын баратын танаптарға егу жұмыстарын) қарастырылған. Өндіріс технологиясын жетілдіру негізінде тамшылатып суару жүйесіне біраз шаруа қожалықтары іс жүргізуде. Шаруа қожалықтары суды тиімді пайдалану үшін жаңбырлатып, немесе тамшылатып суғару жүйелерін қолданса дұрыс болар еді және де көктем- күз айларында ылғалдандыру суару жұмыстарын жүргізе.

Қарақоңыз су қоймасының көлемін екінші рет ұлғайту жұмыстарын тезірек қолға алса, Масанчи,Қаракөмер,Сортөбе ауыл округтарының шаруа қожалықтарына тиімді болар еді.Қарақоңыз су қоймасы бойынша жобалық сыйымдылығы 8,5млн.м3 – 16,93млн.м3 арттыру және 6,0мың гектар суармалы жерге сумен қамтамасыз етуді арттыру. Жобалаушы - НПП «Биосфера».Жобалық сметалық құжаттамалар мемлекеттік сараптамаға жүктеліп, 3 қараша 2024 жылы күні құрылыс сараптаманың оң қорытындысы алынды. 12 қараша 2024 жылы күні қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, содан кейін экологияға әсерін тигізу (ОВОС) бойынша сараптамаға жүктелді.

Ең негізгі Шу өзенінен алынатын су мәселесі Қордай ауданымызға өте көп мәселе тудырып отыр. Көршілес Қырғызстан Респубикасынан алынатын болғандықтан, Траншекара аралық болғандықтан жоспарланған су көлемін толықтай ала-алмай отырмыз.Шөміш су торабынан алынатын Он тармақ каналының ұзындығы 40,5 шақырым, оның 10 км механикалық тазалау жұмысын жүргізудеміз және Он тармақ каналымыздың қазіргі су өткізу қабілеті өте нашар болып тұр ,оның үстіне канал жер арық. Ауыл ортасынан өтетін болғандықтан каналдың су ысырабы көп, түгелдей бетондау керек.

Сол тармақканалының ұзындығы 66,0 шақырым. Жеті ауылдық округтан өтетін болғандықтан ауыл тұрғындарының коқыстарын тазалап, гидробекеттірді өктеп, сырлап, камыстарды өрттеп өз қызметкерлерімізбен тазалау жұмыстары жүргізілді.

Қордай ауданы бойынша су тапшылығынан шығуының көзі Рғайты,Қалғұты су қоймаларының құрылысын тезірек қолға алып, көршілес Республикаға тәуелді болмау.Қалғұты су қоймасы бойынша сыйымдылығы 15,83млн.м3 құрылысы басталуда. Жобалаушы- ЖШС «Қазгидро». Құны-26,950 млрд.тг.Жобалық сметалық құжаттамалар мемлекеттік сараптамаға жүктеліп, 10 желтоқсан 2024 жылы күні құрылыс сараптаманың оң қорытындысы алынды. 08 қаңтар 2025 жылы күні қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, содан кейін экологияға әсерін тигізу (ОВОС) бойынша сараптамаға жүктелді.

Рғайты су қоймасы бойынша сыйымдылығы 30,2млн.м3 жобалық сметалық құжаттама әзірленіп, 2025 жылдың мамыр айында мемлекеттік сараптамаға өткізіледі.

2019-2022 жылдар аралығында ИДЖЖ-2 бағдарламасы бойынша 41 км лоток жаңартылды.

2020-2023 жылдар ЕҚКБ (Европа Даму Банкі) арқылы Қордай ауданында 100 пайыз 8 нысан жасалынды.

Сонымен, қатар Ислам даму банкі арқылы 22 ішкі шаруашылық каналдарының сметалық-жобалары жасалынуда. Ол 2025 жылдың желтоқсан айына дейін қарастырылған.

Шу өзенінен тікелей Сарыбулак ауыл округі насос станциясы орнатуда, құрылысы жүргізілуде, аяқталмаған. Ол 3800 гектарға 1,0 текше м3 көлемінде су алу жоспарлануда. Н.Молдабеков: Осымен жарыс сөздер аяқталды деді. Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Қосарымыз бар деді- Б.Жаманкозов. Бұдан басқа қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл филиалы РМК «Қазсушар» өндірістік бөлім бастығы М.Ершибуловтың анықтамасы назарға алынсын.
2. Аудан шаруа қожалықтарын жеткілікті мөлшерде сумен қамтамасыз ету үшін тиісті іс-шараларды келісім-шарт міндеттемелерін қатаң сақтай отырып заңдылықты бұзбай атқару міндеттелсін.
3. Тиісті ауыл округі әкімдері мен аудан әкімдігінің ауылшаруашылығы бөлімімен бірге сумен қамтамасыз ету және қолда бар су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері бойынша тығыз байланыста жұмыс атқару, тәлімі жер мен суармалы жерлерге жер асты суларын пайдаланушылардың ауыз су қорына әсері барын анықтау, заң талаптарына сәйкес рұқсат құжаттарының бар жоғын анықтау, тұрақты бақылауға алу ұсынылсын.
4. Атқарылған жұмыстар туралы ақпарат үстіміздегі жылдың 15-ші тамызына берілсін.
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің «аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Ағыбаева).

Н.Молдабеков: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Аманбаева Мадина Аханқызы баяндайды.

Өз сөзінде Аманбаева М.А. былай деді, ағымдағы жылдың 10 маусым күні Қоғамдық кеңес мүшелері Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөліміне қарасты «Балауса» балаларды сауықтыру лагеріне зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесі бойынша төмендегідей баяндаймын деді:

«Балауса» лагері Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылғы 21 мамырдағы «2025 жылғы жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» № 303 Бұйрығы және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Жазғы демалыс кезінде оқушылардың мәдени бос уақытын өткізуді жүзеге асыратын лагерьлерді ұйымдастыру» талаптарын сақтай отырып іске асыруда. Балаларды лагерьге қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін оқушылардан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесіне талдау жүргізіліп, нәтижесі бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Бүгінгі күнге қабылданған бала саны – 300.

Лагерьдің штаттық құрылымы және еңбек қатынастарын зерделеу нәтижесі бойынша:

Лагерьдің кадрлық құрылымына келетін болсақ, штат төмендегідей мамандардан тұрады: 8 негізгі қызметкер; 6 асхана қызметкері; 15 техникалық қызметкер; 26 педагогикалық қызметкер; 2 күзет қызметкері.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 34-бабына сәйкес жұмысқа қабылдау барысында еңбек шарттарының жасалуы мен рәсімделу тәртібі зерделенді.

Зерделеу нәтижесінде еңбек қатынастарына байланысты заңбұзушылықтар анықталған жоқ.

Сонымен қатар зерделеу барысында лагерьдің жатын бөлмелеріндегі төсек орындарындағы матрастар өте жұқа екендігі анықталды. Бұл балалардың денсаулығына және тынығуына кері әсерін тигізетіндігі белгілі. Осыған байланысты балалардың жайлы және қауіпсіз демалуы үшін оларды жаңа матрастармен қамтамасыз етуді қажет етеді. Барлық алаңшалар мен жатын корпусы бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Лагерь аумағында төбесі жабылмаған жазғы бассейн орнатылған. Алайда, бассейн тиісті құтқару құралдарымен толық қамтамасыз етілмеген. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, балалардың жазғы кезеңдегі (лагерьдегі) қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы ережелер мен талаптар бар. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында құтқару қалқандары ілінген тіректер орнатылып, қалтқысы бар арқандар тартылуы қажет.

Медициналық көмек көрсету бойынша 2025 жылға аудандық аурухана орталығымен келісім-шарт жасалынған.

Бұдан бөлек, лагерь аумағын аралау барысында тазалық тәртібінің сақталуына да назар аударылды. Жалпы тазалық деңгейі қанағаттанарлық деңгейді көрсетті. Сонымен қатар, аумақтан қосымша қоқыс шығару қызметі бойынша «Жасыл-Қордай» мекемесімен тиісті келісімшарт жасалған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, лагерьде келесі маңызды жұмыстар мен қажеттіліктер бар екені анықталды:

1. Лагерьге (әкімшілік ғимарат, жатын бөлмелер, монша және т.б.) толыққанды қалпына келтіру үшін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл мақсатта сметалық құжаттарға шамамен 6,5 млн теңге көлемінде қаражат бөлінуі тиіс;
2. Жазғы бассейнді тазалау үшін арнайы техникалық құрылғы (сүзгілеу және тазарту құрылғысы) қажет;
3. Лагерь қызметкерлерінің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін қызметтік көлікпен қамтамасыз ету маңызды;
4. Балалардың демалыс сапасын арттыру мақсатында төсек орындарын жаңа, сапалы матрастармен жабдықтау қажет.

Н.Молдабеков: баяндама аяқталды, деді. Сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Н.Молдабеков: «Балауса» балаларды сауықтыру лагерінің директоры Ағыбаева Р.Т. сұрақтарға жауап береді, деді.

Ағыбаева Р.Т.: өз сөзінде анықтамада көрсетілген кемшіліктерге келісемін. Бұл жөнінде жұмыстар атқарылуда деді.

Б.Жаманкозов: матрастар жұқа ол жөнінде не істеп жатырсыздар деді.

Ағыбаева Р.Т.: Бұл мәселе бойынша 3 рет мемлекеттік алып сату бойынша 3 рет ойынатылды, ешкім шықпады, енді бір көзден сатып алу бойынша жұмыстар атқарылып жатыр деді.

Б.Жаманкозов: Матрацтарды уақытша біреулерден алуға болатынын алға тартты.

Ағыбаева Р.Т.: Бетқайнар колледжнен 50 матрац алынды, ауруханада болмады, Ноғайбай колледжінде матрацтар ескі болды, сондықтан алмадық деп жауап берді.

Жазғы бассейнді тазалау үшін арнайы техникалық құрылғы (сүзгілеу және тазарту құрылғысы) және лагерь қызметкерлерінің жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін қызметтік көлікпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде деп жауап берді.

Жаманкозов Б.Т.: Лагерьге (әкімшілік ғимарат, жатын бөлмелер, монша және т.б.) толыққанды қалпына келтіру үшін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл мақсатта сметалық құжаттарға шамамен 6,5 млн теңге көлемінде қаражат бөлінуі тиіс және бұл мәселе Қордай ауданының білім бөліміне (Қалдарбеков Асхат Қасымұлына) қатысты екенін атап айтты.

Н.Молдабеков: Жарыз сөз аяқталды. Сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Жок болса шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? – жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөліміне қарасты «Балауса» балаларды сауықтыру лагерінің директоры Р. Ағыбаеваның есебі назарға алынсын;

2. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөлімінің басшысы С. Әшірбековке:

- Лагерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін сметалық құжаттарға 6,5 млн теңге көлемінде қаражат бөлу мәселесін шешу Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасына хат жолдау ұсынылсын;

3. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Қордай аудандық білім бөліміне қарасты «Балауса» балаларды сауықтыру лагерінің директоры Р. Ағыбаеваға:

- Лагерге қажетті (бассейнді тазалау құрылғысы, қызметтік көлік) қамтамасыз ету бойынша Қордай аудандық білім бөлімімен бірлесіп шешу жолдарын қарастыру ұсынылсын;

- Балалардың төсек орындарын жаңа матрастармен қамтамасыз ету ұсынылсын;

- Осы шешімнің орындалуы барысы туралы ақпарат үстіміздегі жалдың 1-ші қыркүйегіне берілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (төрағасы Б.Жаманғозов).

Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша – Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия төрайымы – Алматаева Айнұр Тұрлыбекқызы баяндайды.

Аудандық Қоғамдық кеңестің 2025 жылға арналған жоспарына сәйкес, ағымдағы жылдың маусым айында Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөліміне атқарылып жатқан жұмыстарға зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Бөлімде 5 мемлекеттік қызметкерлер мен 5 статист қызмет атқаруда.

Бөлім Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңын басшылыққа ала отырып, қызмет атқарады.

1. Қордай ауылы «Батыс» ықшам ауданындағы 5 қабатты 60 пәтерлі №3, №4 тұрғын үйлердің құрылысы 2021 жылдан өтпелі. Мердігері: «НұрҚұрылыс-Болашақ» ЖШС, нысан құрылысын 2021 жылы бастады. Атқарылған жұмыстардың жалпы көлемі 77%. 2023 жылдың қыркүйек айында әкімдік тарапынан мердігерге нысандарды салуға арналған шарттарды бұзу туралы талап арыз Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа берілді. Сот талқылауы барысында 2023 жылғы 15 желтоқсанда «Нұр Құрылыс-Болашақ» ЖШС-нен мемлекет бюджетіне жалпы 142 140 560 теңге аваныстық төлемдер қайтарып өндіру, 4 398 800 теңге тұрақсыздық айыбы және 4 397 905 теңге мемлекеттік баж салығы өндіру бойынша шешім шығарды. Мердігер тарапынан апелляциялық шағым берілген, нәтижесінде апелляциялық шағым өзгеріссіз қалдырылды. Қазіргі таңда бұл сот шешімі сот орындаушыларына баж салығы мен айыппұлды қайтару үшін берілді. 01.11.2024ж аталған тұрғын үй құрылысына «ЭСТИМАТ» ЖШС-мен 93,064 мың теңгеге келісім шарт жасалып, бүгінгі таңға атқарылған жұмыстардың жалпы көлемі 80%. Тұрғын үйлердің құрылысы 2025 жылдың тамыз айында аяқталады деп жоспарлануда. 2. Қапатаас ауылында орналасқан 180 орындық МҮ құрылысына биылғы жылға жалпы 253 913 мың теңге қаржы бөлінді, нысан 2023 жылдан өтпелі. Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Атқарылған жұмыстардың жалпы көлемі 90% құрайды. Мердігер құрылыс жұмыстарын сәуір айында аяқтау қажет болатын, құрылыс жұмыстарын уақытылы тапсырмағаны үшін 26.06.2022 жылғы №39 келісім шарт бойынша объектісінің уақтылы аяқталмауына өсімпұл өндіріп алу туралы, жауапкерді ПМК-109 ЖШС-ге объект бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауға міндеттеу және жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз Жамбыл облысы бойынша ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотқа жіберілді. Қазіргі уақытта сот шешім шығарып жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жамбыл облысы Қордай ауданы Қапатаас ауылында мәдениет үйінің құрылысы" объектісі бойынша 2022 жылғы 26 шілдедегі №39 құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша екі ай мерзім ішінде құрылыс – монтаж жұмыстарын аяқтауға және объектіні пайдалануға беруге міндеттелсін деп сот шешімі шығарылды. Мердігер құрылыс жұмыстарын сот шешімінен кейін уақытылы аяқтамағаны үшін, Қордай ауданы әкімдігінің сәулет қала құрылыс және құрылыс бөлімі "ПМК-109" ЖШС жұмысты уақтылы аяқтамағаны үшін өсімпұл өндіріп алу туралы талап арыз 02.04.2025ж сотқа жіберілді.

3. Қордай ауданы Үлкен Сұлутөр ауылында 90 орындық мәдениет үйінің құрылысы. (Сметалық құны 258,6 млн. теңге. Мердігер «Астанаэнергомаштер» ЖШС, келісім шарт №24 30.04.2024ж., келісім шарт сомасы 223,6 млн. теңге. Техникалық қадағалаушы – «Индустрой Инжиниринг» ЖШС, №25 24.04.2024ж., келісім шарт сомасы 6,6 млн. теңге, авторлық қадағалаушы «Интерайнс» ЖШС келісім шарт №23 24.04.2024ж. жасалынды, сомасы 2,2 млн. теңге). Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары басталып, өндірістік кестеге сәйкес құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге дейін 193 млн. теңге игерілді. Жалпы жұмыстар 75% орындалды.

Суармалы су тапшылығын шешу бойынша: Қайнар ауылында 3800 га суармалы алқапты сумен жабдықтауды ұлғайту үшін қысымды су құбырын салу жұмыстары жүріп жатыр. (Сметалық құны 2,8 млрд. теңге. Мердігер «ТаразСтрой-2004» ЖШС келісім шарт №30 28.07.2023 ж. Шарт сомасы 2,5 млрд теңге. техникалық қадағалаушы «ALKHARU GROUP» ЖШС, келісім шарт №49 08.09.2023, шарт сомасы 58,3 млн теңге, авторлық қадағалаушы «Тараз-Технопроект», шарт сомасы 22,3 млн. теңге).

Мердігер: «ТаразСтрой-2004» ЖШС;

Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың 01 тамыз айында басталды.

Техникалық қадағалаушы: «ALKHARU GROUP» ЖШС;

Авторлық қадағалаушы: «Тараз-Технопроект ЖШС».

Тапсырыс беруші: Сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі.

2023 жылға жалпы 293 098,0 мың. теңге қаржы бөлініп, толығымен игерілді. 2024 жылға 1 663 795,5 мың теңге қаржы бөлініп толығымен игерілді. 2025 жылға 419 451 мың теңге игерілді. Жалпы игерілгені 2 376 344,1 мың теңге. Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясынан жылына 5.0 млн. м3 дейінгі көлемде су алуға келісу және рұқсат берілген. Құрылыс жұмыстары өндірістік кесте бойынша атқарылып жатыр. Сорғы станциясынан кейін негізгі арнаға су құю үшін полиэтилен құбырынан жасалған жалпы қысымды құбыр ұзындығы 8,0 км шақырымды орнату жұмыстары аяқталды, аванкамера орнату жұмыстары 90% аяқталды, электр беру желісі мен қосалқы станциясы орнатылды. Жалпы жұмыстар 90% орындалды. Қазіргі уақытта суару сорғы станциясын, су шығару құрылғысын монтаждау жұмыстары атқарылып жатр және жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу үшін жабдыктары сатып алынды. Жұмыстардың аяқталуы өндірістік кестеге сай 2025 жылдың шілде айына жоспарланған.

Инженерлік – коммуникациялық инфрақұрылым жүйесінің құрылысы:

2) Қордай ауданы Ауқатты ауылы жаңа тұрғын алабында ИКИ 0,4 кВ ЭЖ электр желілерін салу.

(Сметалық құны 1,7 млрд. теңге. Мердігер «Таразстрой-2004» ЖШС, келісім шарт №24 02.05.2024 ж., келісім шарт сомасы 1,6 млрд. теңге. Техникалық қадағалаушы – «L.A.D. Stroy» ЖШС, келісім шарт сомасы 45,1 млн. теңге, авторлық қадағалаушы «ТаразТайЖоба» ЖШС келісім шарт сомасы 17,3 млн. теңге).

Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жалпы жұмыстардың орындалуы 65%. Құрылыстың аяқтау мерзімі 2025 жылдың тамыз айы.

3) Қордай ауданы Ауқатты ауылында су құбыры желілерінің инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы. (Сметалық құны 732,4 млн. теңге. Мердігер «Байсын-А» ЖШС, келісім шарт №13 08.04.2024 ж., келісім шарт сомасы 678 млн теңге. Техникалық қадағалаушы – «Актаустройэксперт» ЖШС, №16 05.04.2024 ж., келісім шарт сомасы 20 197,8 мың теңге, авторлық қадағалаушы «ТаразТауЖоба» ЖШС келісім шарт №17 16.04.2024 жылы жасалынды, сомасы 6,9 млн теңге). Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары 98% аяқталды. Қазіргі уақытта нысанды қабылдау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күнге құрылыс жұмыстары жалғасуда, бірақ жұмыс жобасы нақты жобамен сәйкестік болмағандықтан, жұмыстар уақтылай тоқтатылды. Жалпы жұмыстардың орындалуы 70%. Құрылысты аяқтау мерзімі 2025 жылдың тамыз айы. Бүгінгі күнге 332,0 млн. теңге игерілді.

Жобалау-сметалық құжаттамалар әзірлеу бойынша сараптама қорытындысы алынып, бүгінгі таңға дайын жобалар саны – 20-ны құрайды:

1) «Қордай ауданы Бұлар батыр ауылында 180 орындық мәдениет үйінің құрылысы» (жобалаушы мекеме «АlyStroyProekt» ЖШС келісім шарт №22 09.03.2021 жыл, келісім шарт құны: 5 000,0 мың теңге. Жалпы сметалық құны: 340,0 млн теңге. ЖСҚ – сы әзірленіп, Сараптама қорытындысы № LTD-0090/22 04.05.2022 ж. алынды) – бюджеттік өтінім құрылыс басқармаға тапсырылды;

2) «Жамбыл облысы Қордай ауданының Қордай ауылында спорттық ипподром құрылысын салу» (Сметалық құны 1 340 744 мың теңге, жобалаушы мекеме "Архдизстрой" ЖШС, келісім шарт №79 08.04.2020 жыл, құны – 1655,0 мың теңге. ЖСҚ-сы әзірленіп, сараптама қорытындысы №ЮКПЭ-048/21 01.06.2021 ж. алынды).

3) «Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылындағы ипподромда ат қорасын салу». (Сметалық құны 427 617 мың теңге, жобалаушы мекеме "Научно-производственно технический центр "САМИ" ЖШС, келісім шарт №77 08.04.2020 жыл., құны – 2125,0 мың теңге. ЖСҚ-сы әзірленіп, сараптама қорытындысы №ЮКПЭ-0047/21, 28.05.2021 ж. алынды).

4) «Жамбыл ауылында спорт кешені ғимаратының құрылысы» нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. Жалпы сметалық құны 731 569,355 мың теңге. ЖСҚ сараптамасы оң қорытынды алды. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 725 190,796 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттары дайындалуда.

5) "«Қордай ауылындағы "Батыс" тұрғын алқабының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының қалдық суларды биологиялық тазарту бойынша станциясының құрылысы" сүзу алаңдарын құрылысын салу" нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптамасы оң қорытынды алды. Жалпы сметалық құны 191 907,717 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 189 766,164 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттар әзірленуде.

"Қордай ауылындағы "Батыс" тұрғын алқабының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының қалдық суларды биологиялық тазарту бойынша станциясының құрылысы" Түзету нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптамасы оң қорытынды алды. Жалпы сметалық құны 1 551 332,0 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 1 536 191,3 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттар әзірленуде.

6) "Алға ауылында күрес залын салу" нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. Жалпы сметалық құны 479 554,171 мың теңге. ЖСҚ сараптамасы оң қорытынды алды. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 469 054,17 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізілді.

7) "Қаракемер ауылында 180 орындық мәдениет үйінің құрылысын салу" нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптама оң қорытындысы 2023 жылдың 26 желтоқсан айында алынды. Жалпы сметалық құны 832 552,268 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 826 952,269 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттар әзірленуде.

8) «Ноғайбай ауылында 180 орындық мәдениет үйінің құрылысын салу" нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптама оң қорытындысы 2023 жылдың 26 желтоқсан айында алынды. Жалпы сметалық құны 832 552,268 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 779 492,607 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттар әзірленуде.

9) «Қордай ауылында 270 төсектік аудандық орталық ауруханасына инженерлік инфрақұрылым салу" нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптама оң қорытындысы 2024 жылы алынды. Жалпы сметалық құны 747 625 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 707 624,748 мың теңге құрайды. Құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім өткізуге құжаттар әзірленуде.

10) «Гвардейск қалалық үлгідегі кентіне инженерлік инфрақұрылымын қазандық пен газ құбыры құрылысын салу» нысанының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. ЖСҚ әзірленді. ЖСҚ сараптама оң қорытындысы 25.04.2024 ж алынды. Жалпы сметалық құны 900 035,517 мың теңге. Құрылыс монтаж жұмыстардың сомасы 865 535,518 мың теңге құрайды. Энергетика басқармасына бюджеттік өтінім өткізілді.

11) «Үлкен-Сұлутөр, Көктөбе, Керу, Кенен, Жанатұрмыс, Сұлутөр, Қарасай батыр, Қызылсай, Бель, Күнбатыс-1 ауылдарының сумен жабдықтау жүйесінің қайта жабдықтау құрылысын салу» нысандарының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу бойынша 12 млрд теңгеге жобалар әзірленіп, жұмыстары толықтай аяқталды. Бюджеттік өтінім бөлім тарапынан облыстық энергетика басқармасына тапсырылды.

Тұрғын үй сатып алу бойынша:

2024 жылы Қордай ауданы бойынша 1,8 млрд.теңге көлемінде тұрғын үй сатып алуға жалпы 144 пәтер қарастырылған, бүгінгі таңға 144 пәтер сатып алынды.

Сонымен қатар, «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына талдау/зерделеу жұмыстары жүргізіліп, заңнаманың бұзылуы бойынша төмендегі дерек анықталды. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңының 5-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының 34-тармағына сәйкес, «Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау және қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеуге арналған бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет аудандардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады. Қағидалардың 38-тармағына сәйкес, өтінішті және қоса берілген құжаттарды тіркеуден өткізгеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Өтініш беруші құжаттардың толық емес пакетін ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің «жеке кабинетіне» жолдайды. Қызмет алушы Г.К.Жуматай 23.01.2025 ж. Қордай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөліміне Жаңа құрылысқа бастапқы материалдарды/сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды ұсыну / тіреу және қоршау (сыртқы) конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдыктарды өзгертуге байланысты қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдар алу туралы ақпараттық жүйе арқылы өтініш берген (№КЗ57RUA01013873). Қағидалардың 4-қосымшасының 8-тармағында мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі

қарастырылған: Анықтама ретінде: 1 және 2- топтамалар бойынша: осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі («Жылжымайтын мүлік тіркелімі» мемлекеттік мәліметтер базасында тіркелмеген жағдайда); осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама парағының электрондық көшірмесі (техникалық шарттарды алған жағдайда). Тексеру барысында қызмет беруші 31.01.2024 ж. «жер учаскесінің мемлекеттік актісі тіркелмеген» деген себеппен бас тартқандығы анықталды. Бұл жағдайда қызмет берушімен құжаттар топтамасы толық болмауына байланысты бас тарту мерзімін бұза отырып, қызмет көрсету тәртібін бұзған. Себебі, аталған қызмет түрі бойынша қызмет беруші өтініш түскен сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде құжаттардың толықтығын тексеріп, толық болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуы тиіс болатын. Демек, қызмет беруші тарапынан бас тарту мерзімі бұзылған, -деп сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С.: Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Молдабеков Н.С.: Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Е.Мендекеев сұраққа жауап береді, делі.

Е.Мендекеев: Қоғамдық кеңес мүшелерінің қойылған барлық сұрақтарға жауап берді.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? -жок. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2- қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Е.Мендекеевтің есебі назарға алынсын;

Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Е.Мендекеевке:

Қордай ауылы «Батыс» ықшам ауданындағы 5 қабатты 60 пәтерлі №3, №4 тұрғын үйлердің құрылысының уақытылы және сапалы орындалуын қадағалау, құрылысты аяқтау бойынша мердігермен тиісті жұмыстар жүргізу ұсынылсын;

Қақпатас ауылында орналасқан 180 орындық, Үлкен Сұлутөр ауылында 90 орындық мәдениет үйлерінің құрылыстары өндірістік кестелеріне сәйкес аяқталуы қадағалансын; Аудандағы суармалы су тапшылығын шешу жолдарын қарастырып, бақылауда және назарда ұстанылсын;

Ауқатты ауылы жаңа тұрғын алабында ИКИ 0,4 кВ ЭЖ электр желілері құрылысының 100 пайыз орындалуы қадағалансын;

Жобалау-сметалық құжаттамалар әзірлеу бойынша сараптама қорытындысы алынып, бүгінгі таңға дайын жобалардың іске асырылуы ұсынылсын;

«Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетуде жіберілген кемшіліктері үшін мамандардың жауапкершілігін қарап, тиісті жаза қолданылсын;

Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпаратты қыркүйек айының 15-не берілуі ұсынылсын.


Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің «бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (төрайымы А.Алматаева).

Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің келесі мәселесі 2025 жылдың екінші жартыжылдығына атқарылатын жұмыс жоспары алдарыңызда бар, соны талқылап алайық. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы? Қалыс? -жок. Бекітілсін.


Молдабеков Н.С.: Егер алып қосарларыңыз жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланды. Сіздерге көп рахмет, сонымен ішкі айында отырыс болмайды, демалыс жарияланады, жұмыс тамыз айынан басталады. Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын осымен жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



Р.Имашева